

Кезекті ректорат мәжілісі QS WUR көрсеткіштерін талдау тақырыбынан басталды.

Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев «ҚазҰУ әлемдік аренадағы үздік университеттер арасында 220 орынға табан тіреп, аталған рейтингте тағы да алға шықты. Бұл топқа посткеңестік кеңістіктен тек екі университет ҚазҰУ және Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ) кіреді.

QS — әлемдегі барша мемлекеттер таныған беделді және көптеген жылдар бойы әлемдегі үздік жоғары оқу орындарының жаһандық рейтингін жүргізетін өте ықпалды халықаралық агенттіктердің бірі болып табылады. Соңғы бес жылда біздің университет «QS WUR» рейтингінде 400-ден астам позицияға көтерілді. ҚазҰУ-дың осы рейтингіде табысты ілгерілеуінің маңызды факторы кең ауқымды құрылымдық модернизация, нәтижеге бағытталған басқарудың жоғары тиімділігі, сондай-ақ соңғы бес жыл ішінде 40 пайызға өскен бірегей инфрақұрылымның қарқынды дамуы тікелей септігін тигізді. Енді алдағы уақытта 2019 жылы ҚазҰУ осы рейтингіде басқа бағыттар бойынша ілгері жылжу мүмкіндіктерін қарастыруымыз қажет», - деді проректор

Кезекте стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Салауатқызы QS WUR-дегі көрсеткіштердің мониторингі туралы баяндама жасап, оның жыл сайынғы QS Emerging Europe және Central Asia рейтингі университеттердің онлайн қатысуын және PhD деңгейінде білікті қызметкерлердің үлесін қоса алғанда, сегіз түрлі көрсеткіш бойынша университеттерді бағалау арқылы жасалатынын алға тартты. Сондай-ақ ол «RUR рейтингі 6 пән саласы бойынша үздік университеттерді бағалау жүйесі ретінде құрылған: гуманитарлық, жаратылыстану,

ЖАҢА БИІКТЕРДІ БАҒЫНДЫРУ



техникалық, қоғамдық, биологиялық және медициналық ғылымдар. RUR рейтингіне ЖОО мәліметтерін халықаралық Thomson Reuters компаниясы деректерді арнайы зерттеу — Global Institutional Profiles Project (GIPP) арқылы ұсынады. Сауалнама жыл сайын жүргізіледі және әлем бойынша 850-ге жуық жетекші университеттерді қамтиды», - деп атап өтті.

Сондай-ақ жиын аясында ҚазҰУ-дың бірқатар қызметкерлері

Қазақстан Республикасының рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталып, жиында өзге де өзекті мәселелер кенінен талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

НОВЫЙ ИМПУЛЬС СОТРУДНИЧЕСТВА

Председатель Японской Ассоциации ядерной медицины Джун Хатазава предложил создать в КазНУ центр ядерной медицины. Об этом было сказано во время встречи с первым проректором Мухамбеткали Буркитбаевым.

Первый проректор КазНУ ознакомил японскую делегацию с основными направлениями деятельности университета и его достижениями, рассказал об активном сотрудничестве с известными вузами Японии. В ходе встречи были обсуждены научно-инновационные возможности и опыт ученых двух стран, вопросы реализации совместных проектов.

Отдельно было отмечено, что КазНУ им. аль-Фараби, обладающий необходимой научной базой и современным оборудованием, открыт взаимовыгодному сотрудничеству и совместной работе по подготовке специалистов в сфере ядерной медицины. Опыт исследования экологических характеристик регионов, накопленный в КазНУ, наличие специалистов, прошедших обучение в Европе и США, позволяют надеется на успешное развитие деятельности в данной сфере.

Господин Джун Хатазава подробно рассказал о деятельности Японской Ассоциации ядерной медицины. Он подчеркнул, что сегодня ряд азиатских и арабских стран очень заинтересованы в создании регионального центра ядерной медицины, который бы консолидировал усилия и потенциал в вышеназванной сфере. На встрече было выражено общее мнение об актуальности открытия центра на базе КазНУ, который станет научно-образовательной площадкой для обучения высококвалифицированных специалистов и обмена практическим опытом по ядерной медицине.

В ходе встречи представители японской компании «Chiyoda Technol Corporation» рассказали о производстве медицинских




изотопов и оборудования, передовых методах диагностики и терапии, проводимых исследованиях в области ядерной химии, инженерии и физиологии. Также они выразили готовность совместно с Ассоциацией организовывать в ближайшее время 3 и 6 месячные тренинги и специальные программы

для магистрантов и докторантов КазНУ. Кроме того, стороны договорились, что ведущие японские профессора будут приглашены в университет для чтения лекций.

ПРЕСС-СЛУЖБА

КЕМЕЛ ТҰЛҒА



2-бет

МЫСЫРЛЫҚ
ЖУРНАЛИСТЕРМЕН
ДИАЛОГ



3-бет

ЫСТАМБҰЛДАҒЫ
ӘЛ-ФАРАБИ
ОРТАЛЫҒЫ



5-бет

КЕМЕЛ ТҰЛҒА

ҚазҰУ-да әйгілі жазушы, журналист Кемел Тоқаевтың туғанына 95 жыл толуына орай өмірі мен шығармашылығына арналған «Кемел Тоқаев – жазушы, журналист, қайраткер» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Көрнекті жазушы, казак детектив жанрының өркендеуіне үлес қосқан Кемел Тоқаев «Жұлдызды жорық», «Қыс қарлығашы», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Соңғы сокқы», «Солдат алысқа кетті», «Ұясынан безген құс» сияқты туындылардың авторы.

Жиында сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Рафаэль Ниязбек «Кемел Тоқаев – өзі өмір сүрген қоғамның кескін келбетін шынайы көрсетіп, шытырман оқиғаларға желі етіп, сабақ алар, салмақты мұра қалдырған дарын иесі. Оның қаламынан туған еңбектерінде отаншылдық рух, ұлттық патриотизм тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Болашақ ұрпағына мәңгі өлмес мұра қалдырған тұлғаның туындыларынан бүгінгі буын нәр алып, сусындап өсіп келеді», - деді ақын. Жиын аясында еліміздің көрнекті ғалымдары мен қоғам қайраткерлері артында өшпес із қалдырған Кемел тұлғаның өмірі мен отан алдындағы адал қызметі жайлы ыстық-ықыласқа толы таусылмас естеліктерімен бөлісті. Ғылыми жиын барысында «Өнегелі өмір» сериясымен жазушы, журналист, мемлекет қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Кемел Тоқаевқа арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі болып, жиын соңында Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған студенттер, магистранттар, PhD-докторанттар мен жас ғалымдар арасында жарияланған байқау жеңімпаздарына шәкіртқылар табысталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

QYSQA-NUSQA

Gonkong polithekalyq ынiversiteti gymantarlyq ғылымдар fakyltetini qytai tili және bilingvizm departamentiniñ direktory David Lı Qazaq ulttyq ынiversiteti shyğystany fakyltetiniñ dekany Paltóre Y.M. және qytaitany kafedrasynyñ ujymymen kezdesti.

Sóz alğan direktor David Lı óz issaparynyñ negizgi úsh mindetin atap ketti. Ol birinshi kezekte QazUY-dyñ shyğystany fakyltetini onyñ ishinde qytaitany kafedrasynyñ ujymymen jaqyn tanysy arqyly Orta Azia men Qazaqstandağy qytai tiliniñ oqytyly deñgein bilý. Ekinshiden, tildik mádeni және kommýnkasialyq bilim berý bağdarlamasyn (BDLCC) bakalavriat deñgeindegi bağdarlamalar arqyly (BACBS / BAESP) alğa jyljytý және ынiversitette oqytyn daryndy stýdentterge arнай stipendia tólenetin bağdarlamalary nasıhattay qajettigine nazar salyp және 2019 jylдың kókteimine josparlangan issaparlardyñ alğy sharttaryn daryndağy alğa tartty.

Kezdesýde Gonkong polithekalyq ынiversiteti usynyp otyrğan bağdarlamalar zertteýshi-ğalymdar men magistrant, doktorantardyñ qyzyğyshlyğyn tdyrtyp, jyn sohynda taraptar ártúrlı bağytтар бойынша ekijaqly qarym-qatynasty jandandyry máselelerin keñinen talqyға saldy.

Professora KazNÝ imeni al-Farabi kafedry Dalnego Vostoka Ninomia Takashi i Em Natalia primali ýchaste v rabote konferensii Tsukuba Global Science Week 2018 na temý Driving Sustainable Development, kotoraiя sostoyalas 20-22 sentabria 2018 goda v Tsukuba International Congress Center.

Ыniversitet Sýkyba iavljaetsia naibolee stabilnym partnerom kafedry bolee 20 let. Nariady s programmami akademicheskoi mobilnosti s dannym ынiversitetom v 2015 godý v rezýltate misiatyvy rektora KazNÝ G.M. Mýtanova, byli ývelicheny vozmožnosti sotrydnichestva. Dogovor «Kampýs v kampýse» rasshirl granisy akademicheskoi mobilnosti dlia stýdentov mnogih fakyltetov KazNÝ, a takje otkryl dveri nashego ынiversiteti яponskim stýdentam. Krome togo, v razrabotke nahoditsia programma dvoimogo diploma po spetsialnosti «Vostokovedenie», a takje bolee 100 dissiplin estestvenno-naýchnogo napravleniя predstavleny na rassmotrenie яponskim stýdentam na platforme Ыniversiteta Sýkyba.

Direktor Sentra v Ыniversitete Sýkyba professor ONO Masaki otmetil rezýltativnost predstavlenyh na konferensii dokladov professorov Ninomia Takashi i Em Natali, a takje naibolee znachimýy rol KazNÝ v naýchnoi deiatelnosti Sentra.

Qazaqstan tarihy kafedrasynyñ uymdastyryymen Uly Otan soğysynyñ ardageri, атаqty Brest qamalyn qorğayshylardyñ biri, tarihsy – ғалым, professor, al-Farabi atyndağy QazUY ardageri Gabbas Jumatovtyñ 100 jylдыğyn atap óty maqsatynda, «Gasyr jasağan tulға: ғалым, ustaz, batyr» atty eske alý jyny ótti.

Jyngа QazUY-dyñ qurmetti ardager-oqytýshylary t.g.k., professor T. Qarataev, e.g.d., professor O. Shedenov, ardagerler kásipodaq keñesiniñ múshesi K. Baimisheva, p.g.d., professor J.Túrikpenuly, Almaty qalасыnyñ, Bostandyq aýdan ardagerler keñesiniñ tóragasy H. Birjanov, tarih, arheologia және etnologia fakyltetiniñ dekany M. Noğalbaeva, Qazaqstan kafedrasynyñ meñgerýshisi t.g.d., professor B. Karibaev, t.g.d., professor T. Omarbekov qatysyp Gabbas Jumatov jaily estelikterimen bólisti.

Jyn barysynda Gabbas Jumatovtyñ ónegeli ómiri men qyzmet joly jaiynda baıandamalar oqylyp, arнай beınebaıan kórsetildi. Sondai-aq kópshilik qayymға kitaptary tanystyrylyp, foto kórme uymdastyryldy.

Otany úshin taisalmastan tabandy erlik jasağan, tarihsy-ғалым, qoғam qairatkeri Gabbas Jumatulyñ eske alý jiny, tarih ғылымynyñ jolyna bet túzegen bilimpaзdar men jas tarihsylyar úshin mañyzy zor jyn boldy. Bul – ulylarymyzdy ulyqtaý, olardyñ eñbegine qurmet kórsetý, óskeleñ urpaqqa nasıhattay және tulғalardy dáriptey jolynda jasalğan aitly is-shara ekeni anyq.

Г. БАЯНДИНА

Уникальный проект КазНУ



Преподаватели и ученые Казахского национального университета имени аль-Фараби создали уникальный Научно-образовательный центр Ассамблеи народа Казахстана. Об этом заявил на встрече с коллективом КазНУ заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана – заведующий секретариатом АНК АП РК Леонид Прокопенко. В стране с 2015 года по инициативе вузов началась работа по созданию Центров АНК и на сегодняшний день такой практики в мире нет. Такая важная и значимая работа закладывает знания о социальных процессах в стране, казахстанской модели общественного согласия и национального единства среди обучающихся студентов.

«Именно КазНУ показывает пример того, как это нужно делать. Мне кажется мы избрали наиболее правильный методологический очень выверенный путь, потому что, межэтнические отношения – это действительно междисциплинарный подход. Невозможно охватить все стороны развития этно-социальных процессов в обществе, не касаясь философских, исторических, психологических вопросов ценностей каждого этноса. Без всех этих составляющих мы не можем сформировать адекватную модель нашей этнополитики», – отметил в своем выступлении Леонид Прокопенко во время встречи с коллективом КазНУ имени аль-Фараби.

Центр АНК создан 2016 году в КазНУ и объединяет деятельность всех 30 гуманитарных кафедр, которая направлена на повышение эффективности процесса формирования казахстанской идентичности и социализации молодежи на принципах общественно-политического согласия. Специально разработанные дисциплины охватывают все аспекты, которые показывают разнонаправленную деятельность центра. Он координирует работу общесоциально-гуманитарных кафедр и направления

деятельности по разъяснению молодежи принципов общенационального и межконфессионального согласия.

«Университетом разработана модель перспективного развития «Университет 4.0». Ориентиром для ее создания стала программа «Рухани жангыру», где ставится главная задача для университета – подготовка не только квалифицированных специалистов, но и воспитание духовно-нравственных граждан мира и страна. Это также, в свою очередь, подтолкнуло коллектив университета создать проект по формированию граждан добродетельного общества, который был поддержан Альянсом цивилизации ООН. Сегодня проект вошел в программу ООН «Глобальное гражданство», – сказал ректор КазНУ Галым Мутанов. Следует отметить, что КазНУ является Глобальным хабом ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию.

Также учеными и преподавателями университета были проведены социологические исследования социального инжиниринга при

поддержке Фонда Конрада Аденауэра. Была выпущена монография «Существование этнических групп в Казахстане». Научно-образовательный центр также включен в работу АНК при поддержке Фонда К. Аденауэра.

Большую работу ведут языковые кафедры университета, которые тесно взаимодействуют с партнерами, что также показывает ответственность всех субъектов учебно-воспитательного процесса в университете по воспитанию казахстанской эдентичности, патриотизма, формированию основных принципов общенационального согласия, – подчеркнула проректор КазНУ по социальному развитию Шолпан Джаманбалаева.

Во время визита Л. Прокопенко посетил кампус университета, ЦОС «Керемет», библиотеку имени Аль-Фараби, ЦСУ.

В завершение встречи Леонид Прокопенко дал высокую оценку деятельности преподавателей и ученых КазНУ и поблагодарил коллектив за теплый прием и пожелал дальнейших успехов.

МЫСЫРЛЫҚ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ДИАЛОГ

ҚазҰУ-да «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Мысырдағы Қазақстан елшілігі мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен халықаралық мектеп өтті. Мемлекет басшысының Қазақстанды әлемге таныстыру тапсырмасын негізге алған бұл шараға Мысыр Араб республикасынан келген делегацияда 27 адам, оның ішінде 12-сі кәсіби журналист және мысырлық ең үздік 15 студент бар.



Халықаралық мектеп барысында шетелдік қонақтарға түрлі экскурсиялар ұйымдастырылды. Жетісудың ең танымал туристік жерлері саналатын Шарын шатқалы мен Үлкен Алматы көлін тамашалап, Алмаарасанға барды. Көне тарихтан сыр шертетін тарихи мұражайларға сапарлар жүргізілді. Мысырдан келген делегацияға қазақ тарихынан, мәдениеті мен салт-дәстүрінен, әдебиетінен дәрістер оқылды. Сондай-ақ, шара аясында мысырлықтарға Алматының көрікті жерлері таныстырылды.

Арнайы экскурсиядан кейін шетелдік қонақтармен бірге журналистика факультетінде қазақ-араб журналистикасының өзекті мәселелерін талқылауға арналған қорытынды дөңгелек үстел өтті. Жиынға еліміздің бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен Мысыр Араб республикасының баспасөз журналистері мен студенттері қатысты. Дөңгелек үстелде журналистикаға да жанашылдық керектігі, алайда жанашылдық деп, өткен нәрсені ұмыт қалдыру емес, кешегі мен бүгінгі сабақтастыру, кемшіліктерді толықтырып, барынша оқырман үшін жұмыс істеу, еңбектену қажет деген ойлар айтылды. Қазақ-араб журналистерінің бас қосыуында осы және өзге де мәселелер талқыға түсті. Алғашқылардың бірі болып сөз алған ҚазҰУ журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы журналистика саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызына тоқталды. «ҚазҰУ-дың әлемнің әйгілі 800 университетінің ішінде 220 орын алғандағы басты себептерінің бірі халықаралық байланыс орнату. Ай сайын шетелдік қонақтар келіп, университетпен танысуының ар жағында осы сіздер оқып, біз еңбек етіп жатқан университетіміздің беделі тұр. Бүгін сондай дәстүрдің сабақтастығы бізді Мысыр елінің журналистерімен байланыстырып жатыр. Осы он күнге жуық уақыт ішінде, Мысыр елінен келген делегация университетіміздің болмысымен танысып, ерекшеліктерін біліп, шеберлік сабақтарын өткізді. Ал бүгін қазақстандық журналистермен, журналистика факультетінің ұстаздары және студенттерімен арнайы жүздесу үшін келіп отыр», - деді журналистика факультетінің деканы.

Бұл сапар мысырлық журналистердің Қазақстанға бірінші рет келуі екен. Олар бұл сапарда Қазақстандағы әріптесерімен, жұмыс жүйесімен танысуды, білім беру саласындағы жаңалықтарды көріп қайтуды өздеріне мақсат еткен. Әрі осы салада жолдаған сұрақтары да көп болды. Өз сөздерінде қазақ елінің қонақжайлығын да тілге тиек етті.

Қазақстанды танып-білген Мысырдан келген қонақтар әсерлерін, қазақ елі жайлы ақпараттарын өз елдеріндегі БАҚ-та жариялауды жоспарлап отыр. Аталған делегация құрамында, Мысырдағы ең танымал «Әл-Жумһурияның» газетінің белді журналистері болды. Бұл басылымның құрамына төрт газет кіреді, оның екеуі арабша, қалғандары француз және ағылшын тілінде хабар таратады. Газеттің негізі 1956 жылы қаланған. Оның алғашқы санын шығарған Мысыр президенті Жамал Абдул-Наср. Басылымның тарылымы да жоғары, оның 600 мыңға жуық оқырманы бар. Осы алқалы жиында мысырлық журналистердің айтуынша, осы уақытқа дейін оларда журналистерді қорғайтын заң болмаған.

Қазір тиісті заң жасалып, журналист құқығы қорғалып келеді екен. Сондай-ақ, журналистер одағы да жұмысын жасауда. Онда оң мыңға жуық журналист мүшелігі екен. Ал Мысыр Араб республикасында үш түрлі газет жұмыс жасайды. Оның біріншісі - үкіметтік, екіншісі - партиялық, үшіншісі - жеке компаниялардың газеттері. Дөңгелек үстелде сөз алған «Әл-Жумһурия» газетінің бас редакторы Мұхаммед Талаат мырза қазақстандықтарға алғыс білдіріп, өзі басқарып отырған басылым туралы тоқталды.

- Біз Қазақстандағы ең үздік, әрі әлемге танымал университеттердің қатарынан көрінген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тыныс-тіршілігімен танысқанмызға қуаныштымыз. Аталмыш жетекшісі оқу орнын біз Мысырдағы жастарға, студенттерге таныстырамыз. Болашақта білім, ғылым, журналистика саласында бірігіп жобалар жасасақ деген ұсыныстарымыз бар. Дәл осындай іс сапарлар - 1958 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді. Біздің үкімет студенттерді ынталандыру үшін мұндай тағылымды іс-сапарларды жалғастыруда. Сондай-ақ, біздің студенттер осының алдында Еуропа мен Азияның бірнеше елдерін аралаған болатын. Соның ішінде, Қытай, Түркия, Индонезия, Малазия елдері бар. Бұл біздің Қазақстандағы ең алғашқы сәтіміз болып отыр. Біз бұрыннан Қазақстанға іс-сапар болса деп армандайтынбыз. Өйткені, біздің екі ел

арасындағы байланысымыз тығыз болатын. Біз Мысырды билеген Сұлтан Бейбарысты құрмет тұтамыз. Ол Сұлтан туралы біздің де ақындарымыз өлең-жырларын жазған. Осындай жазиралы Қазақ жеріне келуімізді көптеген журналистеріміз бен студенттеріміз күткен болатын. Осы сапардан алған керемет әсерден кейін, біз әр кезде Қазақстанға қайтадан келуге асығамыз. Осы жердегі студенттер араб елдеріндегі және Қазақстандағы үлкен құрметті бір-бір елшілер болатынына сенімдіміз. Іс-сапарды ұйымдастырған Мысыр Араб Республикасындағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Арман Исағалиевке және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығына, журналистика және шығыстану факультеті декандарына алғысымды білдіргім келеді, - деді Мұхаммед Талаат мырза.

Жиын сұрақ-жауап түрінде жалғасты. Мәселен, «Әл-Жумһурия» газеті редакциясының бөлім басшысы Гамал Акл Салман мырза баспасөз журналистикасындағы мәселеге тоқталды. «Өздеріңіз білесіздер, газеттік журналистика үлкен бір қауіп-қатердің астында тұр. Өйткені барлық газеттер электрондық нұсқаға көшуде. Осы технологиялық төңкерістен кейін бізде әлеуметтік желілер бұл газеттердің орнын басып бара жатқандай сезіледі»- деген Гамал Акл Салман ортаға «Осындай сын-қатерлерде қазақстандық газет журналистикасы қалай

жүріп жатыр, соны білгіміз келеді» деген сауал тастады. Мысыр журналистінің сауалына республикалық «Балдырған» журналының Бас редакторы, белгілі журналист-публицист Дүйсен Мағұлұмов жауап берді. Ол әр басылым оқырманы үшін күресетіндігін жеткізді. Осы мәселені шешу жөнінде елімізде медиа-саласының мамандарымен әр түрлі жиындар өтіп жатқандығын, шешудің түрлі жолдары жасалып жатқанын айтты. «Біздер, балалар басылымы үшін, мектепке барып, оқушылармен кездесіп, журналистың жабылып қалмауына өзіміз жұмыс жасаймыз. Біз газеттерімізді жоғалтпауымыз керек, сақтап қалуымыз қажет. Сол жолда бәріміз жұмыс істеп жатырмыз, араб әріптестерімізге де соны тілейміз», - дейді Дүйсен Мағұлұмов.

Жиын барысында өзге де көптеген сұрақ жауабын тауып, тәжірибелік диалог орын алды. Мысырлық журналистер Қазақстандағы сапары барысында еліміздің жетекшісі оқу орны-ҚазҰУ туралы бірнеше ақпараттық макала жариялап үлгерді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан мұндай халықаралық кездесулер отандық мамандарға мол тәжірибе беріп, еліміздің әлемге танылуына жол ашуда. ҚазҰУ-да мұндай келелі кездесулер өткізу дәстүрге айналған.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



ҚазҰУ-да «Қазақ университеті» баспасынан «Өнегелі өмір» сериясы бойынша профессор Нарғозы Данаевқа арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтеді

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТЕР

Қиыр Шығыс кафедрасының негізгі міндеттерінің бірі - жыл сайын кафедраның сенімді серіктесі Васеда университетімен бірлесіп қысқы мектеп бағдарламасын ұйымдастыру болып табылады.



Келісім-шартқа қол қойылғалы бері серіктес университеттердің студенттері мен магистранттары үшін әртүрлі халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламалары өткізілуде. Бұдан басқа тараптар арасында жапон тілінде оқу-әдістемелік және анықтамалық материалдар жинау жұмыстары да жүргізіліп келеді. 2018-2019 оқу жылында академиялық күнтізбедегі айырмашылыққа байланысты қысқы мектеп кезеңі күзге ауыстырылады. Осы орайда Қиыр Шығыс кафедрасы шетелдік студенттер мен магистранттарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаһандану әлеміндегі қазіргі қазақ мәдениеті» деп аталатын дәрістер мен практикалық сабақтар курсы ұйымдастырды.

бағдарламасы аясында дәстүрлі жапон тағам мәдениетін дәріптейтін WAMIPPOP жобасы да іске асырылды. Екі елдің студенттері Васеда университетінің Огихара зертханасында өсірілген экологиялық таза өнімдерден жапон тағамын дайындап, көрме ұйымдастырды. Айта кететін тағы бір жайт - жапон студенттері үшін қазақ отбасында бір күн өткізу мүмкіндігін беретін Хоумстей бағдарламасы ұйымдастырылып, қазақстандық отбасыларда қазақ мәдениетімен танысу үшін жақсы тәжірибе болды. Серіктес университеттердің студенттерін ынталандыру жана деңгейде қарым-қатынас орнатуды қалыптастырады. Жапониядан ҚазҰУ-ға және бізден Жапония үкіметінің шәкіртақылық бағдарламасы бойынша Васеда университетіне аттанған студенттерімізге тек сәттілік тілейміз!

Қиыр Шығыс кафедрасы

Аталмыш университеттің докторанты Атсуши Сайто осы жылы кезекті рет ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде орналасқан Огихара зертханасының кітапханасына үлкен тарту жасап, жапон тілі, мәдениеті мен тарихы жайындағы жаңа қызықты кітаптар мен видео материалдармен толықтырды. Сонымен қатар қысқы мектеп

Заманауи білім беру кеңістігінде жоғарғы мектеп гуманизмі көрінісінің бір бағыты ол – мүмкіндігі шектеулі адамдардың жоғарғы білім алу мүмкіндігінен байқалады. Мүгедектердің жоғары білімге деген құқықтарын жүзеге асыруды реформалау ғана емес ол мүгедектерге білім берудің толеранттылық деңгейін қалыптастырумен де байланысты және әр ЖОО инклюзивті білім беруге даярлығының сапасына да тікелей байланысты болып келеді.

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

ҚазҰУ-да мүгедек студенттер үшін инфра-құрылымның қолжетімділігін арттыру ғана емес, сонымен қатар оқу бағдарламалары және ақпараттық сипаттағы жұмыстарды іске асыру қажеттілігін көрсетеді. Университет оқытушыларының мүгедектерге толерантты қарауына, мүгедектерге тәуелсіз өмірдің түрлі мүмкіндіктерін хабардар етуге бағытталуы әлі де төмен.



Кейбір мүгедектігі бар студенттер оқу жоспарларын белгіленген уақытта және қажетті көлемде меңгере алмаулары орын алуда. Осыған байланысты оларға арналған мүмкіндіктеріне бейімделген оқу бағдарламаларын жасау қажеттігі туындайды. Бейімделген оқу жоспарын құру мүгедектігі бар студенттердің табысты оқуы үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады.

ЖОО-да студенттерді ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарымен қамтамасыз ету арқылы ұйымдастыру, қолжетімді электрондық кітапхана құру, оқулықтарымен қамтамасыз ету, сапалы білім беруге мүмкіндік ашады. Жыл сайын елімізде жоғары білім алушы мүгедек жандардың қатары көбейіп келеді. Әсіресе әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да соңғы үш жыл ішінде мүмкіндігі шектеулі студенттердің саны артып отыр. 2015-2016 оқу жылында мүгедек студенттердің саны 78 болса, ал 2016-2017 жылында 76, 2017-2018 оқу жылында 92-ге дейін артқан, оның 34-і ұл (37,3%), 58-і қыздар (62,6%); Факультеттер бойынша қарастырығанда физика-техникалық факультетте – 11 студент, экономика және бизнес жоғары мектебі мен география және табиғатты пайдалану факультеттерінде – 12, биология және биотехнологияда – 6, журналистика мен философия және саясаттану факультеттерінде – 8, филология және халықаралық қатынастар факультеттерінде – 7, химия және тарих факультеттері бойынша – 3 студенттен, математика факультеттерінде – 9, заң факультетінде – 2 және шығыстануда – 4 студент білім алады.

Философия және саясаттану факультетінің 1 курс студенті «С» соқырларға арнайы жолдар мен тактильдік жолшалардың жоқтығынан ата-анасымен бірге сабаққа келуге мәжбүр болуда. Студенттер үйінде мүгедектер қозғалысы үшін арнайы мүмкіндіктер қарастырылмаған, мысалы кіріп шығу, орын табу т.б. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша 78 мүгедек студенттердің 90%-ы дене тәрбиесімен шұғылданды калайды, бірақ та кедергілер көп болғандықтан дене тәрбиесімен шұғылдана алмайды.

Жыл сайын елімізде жоғары білім алушы мүгедек жандардың қатары көбейіп келеді. Әсіресе әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да соңғы үш жыл ішінде мүмкіндігі шектеулі студенттердің саны артып отыр. 2015-2016 оқу жылында мүгедек студенттердің саны 78 болса, ал 2016-2017 жылында 76, 2017-2018 оқу жылында 92-ге дейін артқан, оның 34-і ұл (37,3%), 58-і қыздар (62,6%); Факультеттер бойынша қарастырығанда физика-техникалық факультетте – 11 студент, экономика және бизнес жоғары мектебі мен география және табиғатты пайдалану факультеттерінде – 12, биология және биотехнологияда – 6, журналистика мен философия және саясаттану факультеттерінде – 8, филология және халықаралық қатынастар факультеттерінде – 7, химия және тарих факультеттері бойынша – 3 студенттен, математика факультеттерінде – 9, заң факультетінде – 2 және шығыстануда – 4 студент білім алады.

Сонымен қатар, университет ұжымының осы категориядағы студенттерге толеранттық көзқарастың қалыптасуын арттыруды қажет етеді. 2015 жылдың қараша айынан бастап 2016 жылдың қаңтарына дейін дене шынықтыру және спорт кафедрасында студенттердің осы контингенті үшін жеке денсаулық бағдарламалары жасалды, кездесулер ұйымдастырылды. Кездесу барысында респонденттердің жеке өтініштері де анықталды. Мысалы, тірек-қимыл аппаратының мүгедектігі себебінен 1 курс студенті «Б» көлікте, кезекте, қоғамдық орындарда, кітапханада, асханада және т.б. жерлерде ұзақ уақыт бойы түрегеліп тұра алмайтындығы себепті көп қиыншылықтарға кездесуде. Қыста тайғақ жағдайға байланысты жиі құлайды, университеттің аумағында және оқу ғимаратында жолдар сабаққа баруды қиындатады, тамақтануға мүмкіндік жоқ екендігі туралы айтты.

Сонымен қатар, университет ұжымының осы категориядағы студенттерге толеранттық көзқарастың қалыптасуын арттыруды қажет етеді. 2015 жылдың қараша айынан бастап 2016 жылдың қаңтарына дейін дене шынықтыру және спорт кафедрасында студенттердің осы контингенті үшін жеке денсаулық бағдарламалары жасалды, кездесулер ұйымдастырылды. Кездесу барысында респонденттердің жеке өтініштері де анықталды. Мысалы, тірек-қимыл аппаратының мүгедектігі себебінен 1 курс студенті «Б» көлікте, кезекте, қоғамдық орындарда, кітапханада, асханада және т.б. жерлерде ұзақ уақыт бойы түрегеліп тұра алмайтындығы себепті көп қиыншылықтарға кездесуде. Қыста тайғақ жағдайға байланысты жиі құлайды, университеттің аумағында және оқу ғимаратында жолдар сабаққа баруды қиындатады, тамақтануға мүмкіндік жоқ екендігі туралы айтты.

Қазіргі уақытта мүгедектігі бар студенттер үшін инклюзивті оқытуда ұстаз-оқытушының студенттерге білім беруге бейімделуі қажеттігі туындайды. Мүмкіндіктері шектеулі студенттермен жұмыс жасау үшін арнайы даярлаудан өту кезінде оқытушылар білім беру міндеттерін шешуге, оқу материалын түсіндіруге және студентпен байланыс орнатуға қабілетті болуға үйренеді.

Сонымен қатар, университет ұжымының осы категориядағы студенттерге толеранттық көзқарастың қалыптасуын арттыруды қажет етеді. 2015 жылдың қараша айынан бастап 2016 жылдың қаңтарына дейін дене шынықтыру және спорт кафедрасында студенттердің осы контингенті үшін жеке денсаулық бағдарламалары жасалды, кездесулер ұйымдастырылды. Кездесу барысында респонденттердің жеке өтініштері де анықталды. Мысалы, тірек-қимыл аппаратының мүгедектігі себебінен 1 курс студенті «Б» көлікте, кезекте, қоғамдық орындарда, кітапханада, асханада және т.б. жерлерде ұзақ уақыт бойы түрегеліп тұра алмайтындығы себепті көп қиыншылықтарға кездесуде. Қыста тайғақ жағдайға байланысты жиі құлайды, университеттің аумағында және оқу ғимаратында жолдар сабаққа баруды қиындатады, тамақтануға мүмкіндік жоқ екендігі туралы айтты.

Г. ИСПАМБЕТОВА,
ҚазҰУ докторанты

ЫСТАМБҰЛДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ ОРТАЛЫҒЫ...

Ыстамбұл университеті Түркияның ең байырғы университеттерінің бірі. Оның негізі 1453 жылы қаланған. Бүгінде аталмыш университет пен ҚазҰУ арасында байланыстың алтын көпірі орнаған. Жыл сайын студенттер, магистранттар мен докторанттар университет арасындағы меморандумның негізінде тағылымдамадан өтіп, семестрлік оқу курстарына қатысады. Ал оқытушылар мен профессорлар құрамы конференциялар мен симпозиумдардың құрметті қатысушылары ретінде шақырылып, әріптестік көкжиегі кеңейе түсуде. Соның бір жарқын көрінісі ретінде, профессор Абдуллах Қызылжық басшылық жасап келе жатқан әл-Фараби атындағы ғылыми зерттеу орталығын айтуға болады.

Орталық ғұлама ойшылдың еңбектерін терең зерттеп-зерделеуге және жас ғалымдардың әлеуметтану, философия мен жаратылыстану ғылымымен кеңінен шұғылданыуына жол ашуда. Ыстамбұлдағы әл-Фараби орталығы 2016 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай және екі университет ынтымақтастығын арттыру бағытында, ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтановтың бастамасымен құрылған болатын. Орталық Еуразия институты қабырғасында ашылған. Бұл тарихи ғимарат әу баста Осман империясының Бас уәзірі Сейіт Хасан Пашаның бастамасымен 1745 жылы медресе ретінде бой көтерген. Содан бері ол рухани, ағартушылық бағытта қызмет етіп келді. Бүгінде білім ордасы әл-Фараби ілімімен қуаттана түскендей.

Орталықта зерттеу жұмыстарымен шұғылдануға барлық жағдай жасалған. Мұнда семинар өткізетін мәжіліс залы, жеке кенселер



мен кітапхана және ас бөлмесі бар. Орталықтан ұлы ойшылдың еңбектері мен қазақстандық ғалымдардың ғылыми материалдарын және көрнекті тұлғаның өмірінен сыр шертетін деректі фильмдерді де таба аласыз. Басты айта кетерлігі, орталықта Фараби қолжазбаларының түпнұсқадан алынған қолжазбалары сақтаулы.

Орталық үнемі халықаралық конференциялар мен симпозиумдардың ұйытқысына айналып отыр. Мұнда Еуразиялық философ ғалымдар, әдебиетшілер мен тарихшылар жиі бас қосады. Профессор Абдуллах Қызылжықтың

басқаруымен бүгінде Фараби еңбектерінің түпнұсқалық көшірмелері әзірленіп, ай сайын орталықтан «Fameg» журналы жарық көріп келеді. Бүгінде ҚазҰУ-дың әл-Фараби орталығының жетекшісі, профессор, философ Жакыпбек Алтаев пен Ыстамбұл университеті әл-Фараби орталығының жетекшісі, профессор Абдуллах Қызылжық мырзалар Фараби тану мәселелеріндегі философиялық көзқарастарды зерттеуде бірлесіп еңбек етіп, екі университет ғылымында тынымсыз еңбек етіп келеді.



– Әл-Фараби Еуразиялық ғылыми-зерттеу орталығының құрылу тарихына тоқталсаңыз?

– Орталық 2016 жылы желтоқсан айында Ыстамбұл университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы өзара келісім негізінде құрылды. Бұл ұлы ойшылымыз әл-Фарабидің есімімен ашылған, Түркиядағы алғашқы орталық. Біздің Ыстамбұл университеті Түркияда алғашқылардың бірі болып Әл-Фараби орталығын ашу бастамасын қолға алды. Орталықтың негізгі мақсаты – екі туысқан елдің университеттері арасындағы академиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, түрлі ғылыми конференциялар, симпозиумдар өткізу, игі істерге ұйытқы болу. Біздің орталықтың тағы бір жұмысы кітапханаларда шаң басып жатқан Әл-Фараби еңбектерін түрік тіліне аудару, зерттеу, тарату жұмыстары. Орталығымыз тіл курстарын да жүргізіп келеді. Жыл бойы араб, парсы, қазақ, орыс тілдерін оқыту курстары өтеді. Өз оқушыларымыздың арасында семинарлар, тренингер жүргізіледі.

– Сіздің орталықта Әл-Фараби шығармаларының түпнұсқасы бар деп естідік. Сол рас па?

– Орталықтың ашылуына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, ғалым, академик Ғ.Мұтанов мырза арнайы келген болатын. Ол орталыққа Қазақстаннан өте көп, құнды кітаптарды әкеліп, сыйға тартты. Түркияның кітапханаларында да Әл-Фараби мұралары сақтаулы. Бірақ оны Түркияда қолға алып, аударып, жарияламаған.

Әл-Фараби мұрасын зерттеу рухани жұмыс. Әл-Фарабидің түркі халқы өте жақсы көреді. Бірақ өкінішке орай, Түркияда Әл-Фараби мұралары өз дәрежесінде зерттелмеген. Мәселен, Әл-Фараби мұралары негізінде диссертация жазып жатқан докторант жоқ. Болашақта осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында, білім грантын бөлу мәселесін ойластырып жатырмыз. Мен өз басым Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» шығармасын түрік тілінде кітап ретінде жарыққа шығардым. Шығармасының

Абдуллах ҚЫЗЫЛЖЫҚ,
Ыстамбұл университеті, әл-Фараби Еуразиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор:



ӘЛ-ФАРАБИ ТҮРКИЯДА АЗ ЗЕРТТЕЛГЕН

беттері аз болса да, өте сапалы, құнды жәдігер. Түркияның кітапханаларында сақтаулы тұрған Әл-Фарабидің басқа да шығармаларын алдағы уақытта түрік тіліне аударып, зерттеп, кітап ретінде шығару ойымызда бар.

– Біздің білуімізше, орталық алғашында Еуразия зерттеу институты болып аталды. Кейінірек, бұл институт ғимараты Ыстамбұл университетіне көшкен. Осы туралы айтып өтсеңіз?

– Еуразия зерттеу институтының болғаны рас. Ол институт Жоғары оқу орындары қоғамына қараған. Аталмыш қоғам бірнеше институттардың жұмысын тоқтатуға шешім қабылдаған еді. Солардың ішінде, Еуразия

зерттеу институты да болды. Аталмыш институт, Еуразия елдерімен ғылыми қарым-қатынас жасауда көптеген кедергілерге тап болады. Құзырлы орындар бір жағынан оның атауын өзгертіп, Еуразия елдерімен ғылыми қарым-қатынасты басқа қырынан жүргізуді дұрыс көріп, институтты жауып, оның орнына әл-Фараби Еуразиялық ғылыми-зерттеу орталығын ашу әлдеқайда тиімді деп шешкен.

– Сирияға бардыңыз ба? Ондағы Әл-Фараби орталығы бар ма?

– Сирияда болдым. Ол жерде Әл-Фарабиға қатысты ештеңе болған жоқ. Деректерге сүйенсек, оның жерленген жері Сирияда деп айтылады. Бірақ, жер бетінде Әл-Фарабидің

бірнеше мазары бар деп естіміз. Оның жүріп өткен жерінің барлығында да мазары бар деп айтылады.

Сирияда ешқандай да Әл-Фараби орталығы жоқ. Сирияға барғаныммен, ол жерде ұзақ уақытқа қала алмағандықтан, Әл-Фараби туралы толығырақ зерттеу жүргізуге мүмкіншілігім болмады.

– Әлемде неше әл-Фараби орталығы бар?

– Жалпы дүние жүзінде алты Әл-Фараби орталығы болса керек. Бірақ олардың ешқайсысымен байланыса алмадық. Алайда Қазақстандық әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп отырып, аталған орталықтардың басшыларымен Ыстамбұлда үлкен конференция өткізсек деген ойымыз бар.

Біздің орталық екі университет тарапынан ашылғандықтан, бірлесіп жұмыс атқарамыз. Мәселен, біздің орталықта ғалым Ораз Сапашев ҚазҰУ өкілі ретінде жұмыс істейді. Ораз Сапашұлы орталықтың барлық іс-шараларына белсенді араласып келеді.

Әл-Фарабидің 100-ден астам еңбегі бар екені белгілі. Біздің орталық, ең болмағанда 50 шығармасын аударып, жариялап, ғылыми айналымға енгізе, біраз істі атқарған болар еді.

– 2020 жылы «Әлемнің екінші ұстазы»

атанған, күллі түркі жұртының бас ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойланатын болады. Бұл мерейтойға сіздердің дайындықтарыңыз қалай?

– Оған біз бар мүмкіндігімізше дайындалып жатырмыз. ЮНЕСКО тарапынан Әл-Фараби жылы тойланғанда жер жүзіндегі алты орталықпен бас қосып, үлкен игі істерді атқаруға жол ашылмақ.

БЕТТІ ДАЙЫНДАҒАҒАНДАР:

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының 2-курс PhD докторанты;

Шынаррай БҮРКІТБАЕВА,
ТУРКСОЙ кафедрасының 2-курс PhD докторанты Алматы-Ыстамбұл-Алматы

Тарих, археология және этнология факультетінің студенттері Археология, этнология және музееология кафедрасының «Археолог» үйірмесінің ұйымдастыруымен Тамғалы-тас петроглифтер кешені мен Көшпенділер қаласына далалық экскурсия жасады. Экскурсия барысында жергілікті тарихи ескерткіштермен танысты.

ДАЛАЛЫҚ ЭКСКУРСИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



делінген. Мұнда жергілікті тұрғындар ем іздеп келеді, олардың айтуы бойынша, Будда суреттеріне жанасқанға, ем жүруі ықтимал.

Ал көшпенділер қаласы бұл Іле өзені бойындағы ортағасырлық қала безендірулері Қазақстан кинематографиясының өзегі болған «Көшпенділер» фильмі үшін жасалған. Фильм түсірілімі біткен соң, безендірулер қалып, қазіргі таңда жақсы күйінде сақталында. «Көшпенділерден» бөлек бұл жұмыстар атақты «Дневной дозор» фильмінде де көрсетілген.

Ұйымдастыру барысында белсенділік көрсеткен «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» және «Тарих» мамандығының студенттеріне, «Археология және этнология» мамандығының 4-курс студенттері Әкежан Кенесов, Әділет Қасымдар ерекше құрметке ие болды.

**С. САПАТАЕВ,
Б. БЕСЕТАЕВ,**

Археология, этнология және музееология кафедрасының оқытушылары

Тамғалы-тас шатқалы – Қапшағай су қоймасынан 20 км аралықта Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан. Шатқалда 60 метрге жететін тау жарлары бар. Осындай көлемді тау беттерінің бірінде Будда мен Бурхан (Бодхисаттв) бейнелері және Тибеттік әртүрлі әдіспен жазылған жазулар салынған. Тамғалы-тас бейнелері мен жазбалары өте ерекше техникалық дәлдікті қолдана отырып бейнеленген.

буддизмнің таралуы негізге алынған, олар Іле өзеніне дейін жеткенде жер сілкінісі болған, соның нәтижесінде жерге жардың үлкен бөлігі құлаған. Болған жағдайды буддистер Үндістанға үйлеріне қайту қажеттілігі белгісі ретінде түсінді. Құлаған жардың бөлігіне олар Будданың үш құдайының суреттерін салған. Қасындағы жарларға да олардың басқа суреттерін бейнелеген. Басқа аңыз бойынша, суреттер 1648 жылы ойрат ағартушысы Зая Пандита Отгоргуйнмен ойлап табылған және үш ғасыр бойы көшпелі моңғолдармен қолданылған «тодорхой номын бичиг» («анық әдеби хат») арқылы қалмықтармен жазылған

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ САПАНЫ АРТТЫРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында нақты мәселелер айтылған. Сонда көрсетілген 10 міндеттің ішінде білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздар мен ғалымдарға қойылған басты міндет жетіншісі. Осыған орай, «Жаратылыстану бағыттары бойынша білім беру бағдарламасын жаңғырту» атты тақырыпта республикалық оқу-әдістемелік мәжіліс өтті.

ҚазҰУ-дың философия кафедрасының ұйымдастыруымен кафедра студенттері Іле Алатауындағы Кім Асар шатқалына шығып қайтты. Дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Тау күні» шарасы – студент жастарды қоршаған ортаның сұлулығын қорғауға, салауатты өмір салтын сақтауға шақырады.

Студенттерді ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛИДЫ



Кім асар шатқалы - Іле Алатауының ең танымал демалыс соқпағы. Ол Медеу мұз айдынына жақын аралықта орналасқандықтан, оған көтерілу қиындық тудырмайды. Қаладан 12-ші бағыттағы автобуспен «Медеу» мұз айдынына жетіп алсаңыз болғаны.

Көп шығынды қажет етпейтін, тау шатқалы студенттер үшін бірден-бір тиімді мекен. Жан-жақты қоршап жатқан әр келкі тау жоталары, оны әдемілікпен көмкерген аққайындар мен алма, өрік ағаштары, шатқалдың жоғары бөлігінде жайғасқан жасыл шыршалар мен қарағайлар адамды бейне-бір тыныштандырып қана қоймай, табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятады. Тау философиясы деуіміздің сыры да сонда жатса керек. Шығармашылық жандар үшін де бұл нағыз ғажайып мекен. Ал философтар үшін өмір мәнін түсіну, табиғат тынысын сезіну секілді ойлармен жалғасады. Демек, табиғат тұнып тұрған философия емес пе?! Түсіне білген жан, әр тасынан сыр іздей алады.

Дәріс аудиториясында ғана жолығатын студенттер, бұл серуенде бір-бірінің өнерлеріне тәнті болып, жана қырларынан тани түсті. Бірі өлең оқыса, енді бірі аспаптарда ойнап, ән салды. Түрлі философиялық сұрақтарға жауап

іздеп, табиғат аясындағы шараны барынша қызықты ете түсті.

Философия кафедрасының 1-курс студенті Әсемгүл Мукушеваның оқуға Алматы қаласын тандап келуінің де бір себебі, осы тұмса табиғатқа деген құштарлық. Қаладан не бәрі 20 шақырым қашықтықта орналасқан Алатаудың көз сүйісінтер табиғатына осындағы достарының түрлі жазбалары себеп болса керек. Астана қаласының тумасын таңғалдырған табиғат, кім-кімге болмасын ғажап мекен екені сөзсіз. Осындай армандардың орындалуына куә болған – Алматыда, Алатауда арман жоқ шығар!..

Студенттерге пайдалы шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған философия кафедрасының менгерушісі, профессор Гүлжихан Нұрышева осындай тағылымды шаралардың алда да жалғасатындығын жеткізді. Алматының рухани-мәдени орындарына да демалыс күндері сапар жасау ниеттері бар. Ал бұл Алматыға арман қуып келген студенттер үшін, есте қалаларлық тамаша күндер болып қала берері сөзсіз.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
*философия кафедрасының
2-курс PhD докторанты*

құралдарының сапасына аса мұқияттықпен, жауапкершілікпен қарауды талқыға салды. Басқа да мінберге шығып өздерінің ой-пікірін ортаға салған Еуразия университетінің профессоры, биология ғылымының докторы, академик Р. Берсимбаев, ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің деканы, б.ғ.д. профессор Б. Заядан, генетика және молекулалық биология кафедрасының менгерушісі, б.ғ.д. профессор З. Айташева жаратылыстану пәндерінің сапасын қалай жақсарту, дамыту үшін қандай шараларды іске асыру жайлы өзекті мәселелерге тоқталды.


Мәжіліс сонында оқу процесіне жана білім беру бағдарламасын енгізу, мұғалімдердің білімін кәсіби өндірістерде жоғарылату, сонымен қатар алдыңғы қатарлы ғылыми орталықтар мен білім беру орталықтарында әсіресе шетелдерде, оқулықтарға рецензия беруді нақты жолға қою сияқты т.б. ұсыныстарды талқылап, арнайы қарар қабылданды.

Н.ТОРМАНОВ,

биофизика және биомедицина кафедрасының профессоры

Мәжіліске республикалық белді университеттердің биология мамандығы мамандары қатысып, өздерінің оқу орындарында атқарылып жатқан шараларын ортаға салды.

Жиынға қатысушылардың пікірлері мен ойлары адам капиталын жаңғыртудың негізі жайлы, яғни білім берудің жана сапасына өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету мәселенің басты арқауы болды. Жаратылыстану ғылымдарын оқытудың сапасын күшейту, үш тұғырлы тілді дамыту, әсіресе ағылшын тілінде дәріс беруді тілге тірек етті. Себебі соңғы жылдары мектеп қабырғасында және ЖОО орындарындағы жастардың ағылшын тілінде оқимын деген ынталары артып келеді. Әрине, білім алудың басты көзі неде, қайда деген сұраққа жүгінетін болсақ, ол – кітап, оқулық, оқу құралдары. Сондықтан солардың мазмұнының сапасын көтермейінше білімін нығайту бос сөз. Осы мәселе бойынша Республикалық оқу әдістемелігінің кеңес мүшесі б.ғ.д. профессор, биофизика және биомедицина кафедрасының менгерушісі С. Төлеуханов қазіргі таңдағы баспадан жарыққа шығып жатқан оқулықтар мен оқу



21 септембрі на базе КазНУ соостоится международный симпозиум

«Качество в системе высшего образования» в рамках XVI Азиатского Конгресса качества

ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ ТҮСІРІЛУДЕ

ҚазҰУ-да шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шаралар басталып кетті. Соның бірі, күні кеше ғана ҚазҰУ-лық ғалымдардың қатысуымен әл-Фарабидің кіндік қаны тамған Оқсыз және Отырарға жүргізілген сапар еді.



Игі сапарда елімізге белгілі кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сергей Әзімов пен ҚазҰУ-дың философия кафедрасының профессоры, Әл-Фараби орталығының директоры, философ Жакыпбек Алтаев болды. Сапар барысында зерттеуші топ ұлы ойшыл туралы фильм әзірлеу үшін, «Руханият-Әбу Насыр әл-Фараби» музейінен бастап, Отырар қаласының орны, Арыстанбаб кесенесі, Оқсыз қаласының орны, Отырар мен Оқсызды жалғаған Сырдарияның Ақжар өткелі және киелі Түркістанда түсірілім жұмыстарын жүргізді. Түсірілім жұмыстарына «Руханият-Әбу Насыр Әл-Фараби» музейі қызметкерлері, тарихи деректі фильмнің ғылыми кеңесшісі ретінде профессор Жакыпбек Алтаев тарапынан түсірілім жұмыстарына қолдау көрсетілді. Түсірілім барысында зерттеуші топ Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың

қабылдауында болды. Бұл бас қосуда ұлы ғұлама ғалым әл-Фараби және Ясауи, Отырар және Түркістан қалаларының тарихы мен болашағы сөз болды. Облыс басшысы қонақтарға Түркістанды түлетуге бағытталған ой-пікір, жобаларды бірлесіп іске асыру қажеттігін айтты. Өз кезегінде режиссер Сергей Әзімов қазіргі таңда Отырар ауданында ғұлама ғалым Әл-Фараби хақында деректі фильм түсіріп жатқанын жеткізді.

Сұхбат барысында, 2020 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын халықаралық деңгейде өткізу мәселесі бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Түркістан облысы бірлескен бірқатар келісімдерге келісті. Оның аясында көлемді шараларды өткізу мәселесі де жан-жақты талқыланып, жоспарлар қарастырылды.

Шаттық ӘЛИЕВ,
философия кафедрасының аға оқытушысы

Обфускаттау («obfuscation»-шатастыру) – бұл қорғалатын бағдарламалық жабдықтама кодының реверсивті инженерия үдерісін қиындатуға мүмкіндік беретін ақпаратты қорғау әдісінің бірі.

Ақпарат қорғау әдісі

Бұл термин бүгінгі ғаламтор кеңістігіндегі желілердің дамуына байланысты пайда болған. Обфускация жайлы алғашқы мақалалар 1996-1997 жылдары АҚШ-да жарияланды. ТМД елдері мен Қазақстанда кодты шатастыру енді ғана дамып келе жатыр. Себебі бұл тақырыпқа байланысты мақалалар саны шектеулі. Мүмкін, бұл жағдай бағдарламалық жабдықтаулармен айналысатын әлемге аты әйгілі фирмалардың жоқтығынан шығар. Егер қандай да бір бағдарламы, ақпаратты қорғау керек болса, онда қорғау жабдықтарын

құру қажеттілігі туындайды. Сондықтан да ақпараттың бағдарламалық бөлігін өз мақсатында пайдаланып кетпеуі үшін, бағдарлама бұзушылардан ақпаратты сақтау сапасын арттырып, обфускаттаудың жана алгоритмін құру үшін биыл «Фараби Әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясында ақпаратты қорғау әдісінің бірі ретінде обфускаттау тақырыбы талқыға түсті. Шарада кеңінен тараған обфускаторлардың алгоритмдері қарастырылып, олардың ерекшеліктері, артықшылықтары мен жетпей жатқан тұстары негізге алынды.

Обфускаттау үдерісінің мәні – программалық кодты шатастыру, әрі ондағы логикалық

байланыстардың кепшілігін жою, яғни оны хакерлердің оқып шығуы мен модификаттауы өте қиын болатындай етіп трансформациялау.

Аналитикалық әдістер обфускаттау үдерісінің қайсыбірі қаншалықты тиімді екендігін білдіретін үш шамаға негізделген. Бірінші орнықтылығы – обфускаттау үдерісі жасалынған кодқа реверсивті инженерия жүргізудің қиындық деңгейін көрсетеді. Екінші икемділігі – берілген обфускаттау үдерісі бағдарламалық кодты деобфускатор қолданудан қаншалықты жақсы сақтайтындығын көрсетеді. Үшінші артықшылығы – обфускаттау үдерісінен өткен кодтың орындалуын бағдарламаның түпнұсқа кодымен салыстырғанда жүйелік ресурстардың

қаншалықты қажеттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе Net платформасында C# тілінде программалау технологиясының ерекшелігі – кез келген бағдарламаны, яғни Windows-қосымша, Web-қосымша, мәліметтер қорымен жұмыс істеуге арналған қосымшаларды құру мүмкіндігіне ие. Екінші ерекшелігі – файлдарды қорғау деңгейінің жоғарылығы басқарушы кодты бағдарламаның орындалу тәсілі және файлдық жүйелер туралы ақпараттың болмауында. Бұл технологияны менгерген қолданушы жоғары деңгейлі қолданбалы бағдарламалар құра алады.

Камила САФАТ,
*Ақпараттық технологиялар факультеті,
Ақпараттық жүйелер мамандығының
2 курс студенті*

ДЕНСАУЛЫҚ БҰРЫШЫ

Алматы қаласындағы Бостандық ауданында тұмауға қарсы алдын алу шараларының бірі - халықты жаппай тұмауға қарсы егу жұмыстары басталды. Сондықтан тұманумен ауырып, күресуден бұрын, алдын алған жөн.

ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛЫҢЫЗ

гемморогиялық бөртпенің пайда болуы.

Алдын алу шаралардың ең тиімдісі болып арнайы тұмауға қарсы иммундау (вакцинация) егу болып табылады.

Бүгінгі күнгі талаптарға сай, тұмауға қарсы ақысыз тұрғылықты мекен жайға қарасты емханаларда, тұмаумен ауырып қалу қаупі жоғары адамдар тобына жататындар, олар; жиі ауыратын балалар мен кәрі (егде) кісілер, жүкті әйелдер, иммундық жағдайы төмен, жүрек, өкпе, бүйрек, эндокриндық және орталық жүйке жүйесі ақаулары бар адамдар. Сонымен қатар жүктілікті жоспарлайтын әйел азаматтары, өйткені, жүктілікке дейінгі немесе жүктіліктің алғашқы 2-3 айлығында алуы дұрыс, өйткені тұмаумен ауырған жүкті әйелдердің қажетсіз асқынудымен қатар, түсікке немесе нәрестенің денсаулығының ақауларына алып келуі мүмкін.

Осы аталған топқа қатысты болсаңыз, аудандағы бүгінгі күні тегін екпе жүргізіліп отырған емханаларға тұрғылықты мекен жайыңыз бойынша қаралуыңызға болады. Сонымен қатар тұмауға қарсы екпе алу қажет топтар болып көпшілік жерде жұмыс істейтін қызметкерлер (тәрбиешілер, мұғалімдер, дәрігерлер, сатушылар, сонымен қатар ірі мекеме қызметкерлері) жатады.

Тұмауға қарсы арнайы екпені күзде, кезеңдік аурушылық деңгейі көтерілуі алдында жүргізіледі.



Тұмауға қарсы екпе арнайы медицина мекемелерінде, жауапты медицина қызметкерлерімен, рұқсат қағазы бар, арнайы бөлмеде, барлық төтенше жағдайларға дайындық жиынтығы бар, алғашқы көмек көрсетуге дайын, егу алдында дәрігер қарауымен жүргізілуі тиіс.

Тұмауға қарсы жүргізілген бір ғана екпеден кейін, адам ағзасында тұмауға қарсы төзімділіктің, 14 күн аралығында пайда болып, бір жыл аралығында сақталады.

Тұмауға қарсы егілген адамның тұмаумен ауырып қалуы, егілмеген адамнан 3-4 есе

төмен.

Ал егерде тұмауға қарсы егіліп, ауырып қалсаңыз, онда аурушылық төмен түрде және асқынусыз өтеді.

Өз денсаулығыңызға немқұрайлы қарамай, қазірден бастап екпе алу мүмкіндігін қолға алыңыз!

Егор ТАРКИНСКИЙ,
*Бостандық аудандық
Қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасы басшысы;
Меруерт ЖАНСЕЙІТОВА,
*эпидемиологиялық қадағалау бөлімі басшысы**

Қыркүйектің 25 жұлдызында «Керемет» СҚКО кинозалында «Жаным менің» көп сериялы телехикаясының түсірілім тобымен кездесу өтеді

Уникальный проект КазНУ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №1235

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.